

**"Нан бағасын тұрақтандыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 20 маусымдағы № 688 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 1242 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Нан бағасын тұрақтандыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 20 маусымдағы № 688 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:  
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне 2014 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 5614007873 (бес миллиард алты жүз он төрт миллион жеті мың сегіз жүз жетпіс үш) теңге сомасында қаражат бөлінсін, оның ішінде :

1) шарт жасалған сәттегі нарықтық баға мен 28300 теңге мөлшеріндегі белгіленген баға арасындағы айырма ретінде, бірақ тоннасына 13700 теңгеден артық емес астықтың 1 тоннасына төлеу мөлшері есебімен, нан бағасын тұрақтандыру үшін осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес 2014 жылғы 14 ақпаннан бастап 330953 (үш жүз отыз мың тоғыз жүз елу үш) тонна көлемінде бидай сатып алуға жұмсалған астықты қайта өңдеу ұйымдарының шығындарын өтеу үшін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына нысаналы ағымдағы трансферттер түрінде аударуға 4527351716 (төрт миллиард бес жүз жиырма жеті миллион үш жүз елу бір мың жеті жүз он алты) теңге сомасында қаражат;

2) нан бағасын тұрақтандыру үшін астықты қайта өңдеу ұйымдарына жөнелтуді ескере отырып, 2014 жылғы 1 қаңтар мен 1 шілде аралығындағы «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 179887 (бір жүз жетпіс тоғыз мың сегіз жүз сексен жеті) тонна көлемінде астықтың мемлекеттік өткізу ресурстарын сақтау бойынша көрсеткен қызметіне 89626516 (сексен тоғыз миллион алты жүз жиырма алты мың бес жүз он алты) теңге сомасында қаражат;

3) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес 2014 жылғы 14 ақпаннан бастап астықты қайта өңдейтін (нан пісіретін) ұйымдардың нан бағасын тұрақтандыру үшін өткізілген астықты (ұнды) тасымалдау жөніндегі шығындарын өтеу үшін Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласының жергілікті атқарушы органдарына нысаналы ағымдағы трансферттер түрінде аударуға 997029641 (тоғыз жүз тоқсан жеті миллион жиырма тоғыз мың алты жүз қырық бір) теңге

с о м а с ы н д а қ а р а ж а т б ө л і н с і н . » ;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«2) 2014 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде бөлінген қаражатты мақсатты пайдалану және нан бағасын тұрақтандыру бойынша қол жеткізілген нәтижелері туралы есепті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне берсін.»;  
көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 7

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 2 4 2

қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

**Астықты қайта өңдейтін (нан пісіретін) ұйымдардың астық (ұн) сатып алу жөніндегі шығындарын өтеуге арналған қаражат көлемі**

Өңірлердің атауы	Субсидиялауға жататын астықты сатып алу көлемі, тонна	Бөлінетін қаражат көлемі, теңге
1	2	3
Ақмола	7 823	107 177 840
Ақтөбе	17 571	240 721 330
Алматы	54 246	743 168 830
Атырау	10 342	141 681 290
ШҚО	39 781	538 302 166
Жамбыл	14 049	192 472 670
БҚО	18 329	251 104 560
Қарағанды	28 487	390 267 790
Қостанай	13 512	185 108 920
Қызылорда	13 896	190 379 310
Маңғыстау	16 409	224 796 450
Павлодар	19 493	267 047 250
СҚО	2 838	38 880 600
ОҚО	49 776	681 927 090
Астана қаласы	0	0

Алматы қаласы	24 403	334 315 620
Барлығы	330 953	4 527 351 716

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
 Ү к і м е т і н і ң  
 2 0 1 4 ж ы л ғ ы 2 7 қ а р а ш а д а ғ ы  
 № 1 2 4 2 қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
 Ү к і м е т і н і ң  
 2 0 1 4 ж ы л ғ ы 2 0 м а у с ы м д а ғ ы  
 № 6 8 8 қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Астықты қайта өңдейтін (нан пісіретін) ұйымдардың астық (ұн)  
 тасымалдау жөніндегі шығындарын өтеуге арналған қаражат көлемі**

Өңірлердің атауы	Тасымалданатын астық көлемі, тонна	оның ішінде		Бөлінетін қаражат көлемі, теңге
		мемлекеттік өткізу ресурстары	коммерциялық ресурстар	
1	2	3	4	5
Алматы	67 496	13 250	54 246	280 649 302
Жамбыл	26 392	12 342	14 049	104 683 601
Қызылорда*	22 625	8 728	13 896	98 408 569
Оңтүстік Қазақстан	77 732	27 955	49 778	338 097 481
Алматы қаласы	42 133	17 730	24 403	175 190 688
Барлығы	236 378	80 008	156 370	997 029 641

Ескертпе: \* ұнға қайта есептегендегі астық.